

«Патриоттық тәрбие»

Қостанай қаласы білім бөлімінің «№40 бөбекжай-балабақшасында»
ортаңғы «Ақбота» тобында 3 жастағы балалар

Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында дәстүрден тыс бойынша сурет салды. Олар мемлекеттің рәміздері: елтаңба, ту, әнұранды естеріне түсірді. Осы рәміздер туралы жеке түсінік берілді.

Мынау Қазақстан Республикасының туы. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды – көк, ортасында күн шуағы. Астында қыран құс ұшып келе жатыр. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың өмірі күндей жарқырап, қырандай самғай берсін дегені.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы: суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. Елтаңбаның орталық элементі – шаңырақ. Шаңырақ бастауы – отбасы ошағын бейнелейді. Қанатты тұлпар – мәңгілік өмір, болашақ үміт артар жасұрпақтың арманы, самғау биігі. Елтаңба төбесінде бес бұрышты жұлдыз бар. Әр адамның өмірінде жол көрсетер өз жұлдызы болады. Мемлекеттің де осындай жұлдызы болуы керек. Елтаңбаның төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының авторлары сәулетшілер: Шота Уалиханов пен Жандарбек Мәлибеков.

Ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, әнін жазған Шәмші Қалдаяқов.

